

3 Жедел жәрдем қызметі жетілдіріліп келеді



6 «Аламан құрақ» рекорд жаңартты



Сыр бойы

№76 (21151) 26 мамыр, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы мәлімет берілді.

Астанада барлық басты экономикалық көрсеткіштер бойынша оң қарқын байқалады. Биылғы төрт айда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 588 миллиард теңгені құрады. Бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 9,1 пайыз жоғары. Олардың арасында өңдеу өнеркәсібі, білім, медицина, көлік, сауда, логистика салаларына қатысты жобалар бар.

Бүгінде Astana LRT жеңіл рельсті көлік желісі толық жұмыс істеп тұр. Елорданың қоғамдық көлік жүйесін жандандыру мақсатында жобаның екінші кезеңі пысықталуда.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандардың құрылысы, тұрғын үй алаптарын көркейту жөнінде айтып. Соңғы жылдары Астанада 44 мектеп салынған. Ал жаңа оқу жылында 12 білім ошағы ашылады. Сонымен қатар 2 оқушылар сарайын және 6 балабақшаны ел игілігіне беру жоспарланып отыр. 2028 жылға дейін 2 перинатальды орталық, көпбейінді аурухана және диагностикалық кешеннің құрылысы аяқталмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаланың инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымы, Smart City жобасының іске асырылуы туралы баяндалды. 2026 жылы 173 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру, 1,1 миллион түп жасыл желек егу көзделген.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің қызметін оң бағалап, елорданы одан әрі дамытуға қатысты бірқатар тапсырма берді.

/// САЛТАНАТ

ҚИЯҒА ҚАНАТ БАЙЛАҒАН КҮМІС ҚОҢЫРАУ



Білім ұясындағы өрендер үшін тағы бір жылдың қоңырауы соғылды. Кеше дәстүрге сай барлық мектепте салтанатты іс-шара өтті.

Облыстағы 320 мектепте білім алатын 189 288 оқушы тағы бір оқу жылын аяқтады. Ал 10 мыңнан астам жас түлек он бір жыл бойы білім алған мектебімен қоштасып, жаңа өмірге жолдама алып отыр. Дерекке қарағанда биыл 987 оқушы «Алтын белгіге», 1141 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер. Ұлттық бірыңғай тестілеудің шешуші кезеңі 10 мамыр мен 10 шілде аралығында Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Жанақорған аудандарындағы тестілеу орталықтарында өтеді. Оған 11-сыныпты бітіруші 10317 түлектің 9250-і қатысады.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Мырзабек Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицей түлектерінің салтанатты шарасына қатысты. Алтын ұядан ұшқалы тұрған мектеп бітірушілерге ажол тілеп, ұстаздар қауымын мерекемен құттықтады.

Шын мәнінде, ел мен елді, халық пен халықты теңестіретін – білім. Тек білім ғана кез келген адам үшін өмір жолын дұрыс таңдауға, өзіне деген сенімділік пен табиясқа жетуге зор мүмкіндік береді.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Өске-лен ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбеккер болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет» деген болатын.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен өңірде 200-ден астам әлеуметтік нысан бой көтерді. Оның

ішінде білім беру саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылып, 45 жаңа заманауи білім беру нысаны ел игілігіне берілді, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ Президент бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында өңірде 10 жаңа мектеп салынғанын, соның бірі осы Мырзабек Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейдің жаңа ғимараты екенін атап өтті. Бұл мектеп ашылған соң, «Арай» шағын ауданындағы мемлекеттік мектеп мәселесі толық шешімін тапқан.

Еліміздегі әрбір игілікті іс сіздердің кемел келешектеріңізге арналуда. Сіздер білімге деген ұмтылысы, адал еңбек пен табанды іс-әрекет арқылы елге қызмет ететін азамат болып қалыптасады деп сенемін. Қанаттарыңыз талмасын! Бейбіт еліміздің көгінде самғап, ата-аналарыңыздың үмітін ақтаныңдар! Әрдайым жолдарыңыз ашық болып, арман-мақсаттарыңызға жете берің-

ізер! – деді аймақ басшысы салтанатты сәтте.

Осы оқу жылында 100-ге жуық сырбойлық оқушы республикалық, халықаралық білім бәйгелерінде топ жарып, жүлделі орын иеленген. Бұл әріне ұлағатты ұстаздардың ерен еңбегі.

Әлеттегідей, оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жоспарланған. Биыл 170 мыңнан астам оқушы жазғы тынығу лагерлерінде, 150 мыңға жуық бала мектеп жанындағы лагерлерде демалады. Жакында Президент саябағы аумағынан Мемлекет басшысының қолдауымен жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін оқу-сауықтыру орталығы ашылды.

Салтанатты шарада облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, ата-аналар атынан Мұхит Төребаев түлектерге ақ жол тілеп, ұстаздарға ризашылық білдірді.

«СБ» ақпарат



«ARAL»: ТАБИҒАТ ПЕН АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМІ

ҚР Президенті Телерадиокешенінің «Хроникадан болашаққа» кинолекторийі Сыр өңірінде жалғасын тапты. Кино апталығының бірінші күні көрермен назарына «Aral» деректі фильмі ұсынылды.

Ауқымды ағартушылық жоба Телерадиокешенінің 30 жылдығы аясында жүзеге асырылып отыр. Телерадиокешен 30 жылдан бері Қазақстанның шежіресін үзбей жазып келеді. Ел үшін маңызды оқиғалар, мемлекеттегі өзгерістер мен реформалар, халықаралық бастамалар, еңбек адамдары, түрлі тағдырлар, халықтың тұрмысы, қоғамның тынысы басты назарда.

Қазақстанның 20 қаласын қамтитын «Хроникадан болашаққа» атты республикалық кинолекторийі Астанадан басталды. Іс-шарамызды бұлай атауымыз тегін емес. Хроника – камераға түсіріліп, таспаға сақталатын оқиға. Деректі кино орталығы тәуелсіз Қазақстан жылнамасын жасауды жалғастыра береді. Әріптестерімізге, облыс әкімдіктері мен кинотеатрлардың басшылығына алғыс білдіреміз, – деді ҚР Президенті Телерадиокешені Деректі кино орталығының директоры Ақылбек Шалжанов.

«Aral» деректі фильмін ҚР Президенті Телерадиокешенінің жеке өндірістік базасы – Деректі кино орталығы түсірген. Сценарийін Нұрлан Қабдай жазған, режиссері – Зухраб Отаров, Дәулет Әуелбеков.

6-бет

/// КОНФЕРЕНЦИЯ

БИІКТІГІН ЖОҒАЛТПАҒАН БІР БЕЙНЕ

Саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнаған, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан көрнекті тұлғалар көп. Ел игілігі жолында аянбай еңбек еткен жандардың есімі мен еңбегі әрдайым жоғары бағаланып, халық жадында мәңгі сақталады. Олардың ғибратты ғұмыры мен атқарған істері ел дамуына қызмет етудің жарқын мысалы ретінде дәріптеле береді.

Соның бір дәлелі – қоғам қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, ардақты тұлға – Алмагүл Божанқызының 80 жылдығына арналған «Еңбекпен өрілген ғұмыр» атты облыстық ғылыми-танымдық конференция. Шараға зиялы қауым өкілдері, мәслихат депутаттары, басқармалар мен аумақтық департамент басшылары, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты. Конференция жұмысын облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев жүргізіп, Алмагүл Божанованың ғибратты өміржолы кейінгі ұрпақтың өмірінде ұзақ уақыт сақталатынын айтты. ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев арнайы жеделхат жолдап, шараның сәтті өтуіне тілек білдірді.

3-бет

/// БӘРЕКЕЛДІ!

КӘУСАР МЕН ГАУХАР БІЛІМ БӘЙГЕСІНДЕ ТОП ЖАРДЫ

Мектеп бітірушілердің білім жарысында ең жоғары ұпайды еншілеген талапкерлер Сыр өңірінен де шығып, ел мерейін үстем етті. Ең қызығы, олар егіз. Кәусар және Гаухар Алтынсары Шіелі ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы №127 орта мектеп-лицейді бітірді. Тестілеу нәтижесінде Кәусар 140, ал оның сыңары Гаухар 139 балл жинады. Сонымен қатар IELTS халықаралық емтиханынан 7,5 балл жинап, халықаралық сертификат иегері атанды. Облыстық білім басқармасы бұл жетістік табандылықтың, тынымсыз еңбек пен білімге құштарлықтың жемісі екенін атап өтті.

6-бет



БАСПАСӨЗ – 2026

Құрметті оқырман!

2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы жекелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін: 6 айға – 5000 теңге

Валюта бағамы \$ 472,48 kzt

€ 550,06 kzt

₸ 6,59 kzt

Ауа райы: Сейсенбі +31° +19°

Сәрсенбі +27° +18°

ӘРБІР САЛАНЫҢ ЖҰМЫС ЫРҒАҒЫ БАҚЫЛАУДА

Өңірде «Таза Қазақстан», құрылыс, цифрландыру бағытында ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Әсіресе, көркейту-көгалдандыру шараларына баса мән беріліп, әрбір іс-әрекет қатаң бақылауға алынған. Осы ретте облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев сенбі, жексенбі күндері бірқатар нысандарда болып, жұмыс барысын електен өткізді.

Ботаникалық саябақта өткен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясындағы кең көлемді тазалық акциясына зиялы қауым өкілдері, облыстық мәслихат депутаттары, басқарма, департамент және инспекция басшылары, «AMANAT» партиясының өкілдері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар ұйымдары мен экобелсенділер қатысты.

ТАЗАЛЫҚ – ТӘРБИЕ КӨЗІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы, дамуға ұмтылған кез келген елдің мызғымас ұстанымы» деген болатын.

Қоршаған ортаны қорғау, оны күтіп-ұстау тек мемлекеттің ғана емес, әр азаматтың міндеті және қоғамның ортақ негізгі құндылықтардың бірі болуы тиіс, – деді аймақ басшысы осындағы сөзінде. Сондай-ақ өңірде санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар қарқынды жүріп жатқанын айтты.

– Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата сквері, бүгінгі шарамыз өтіп жатқан Ботаникалық саябақ қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Өңірімізде дизайн код бекітіліп, облыс орталығынан бастап барлық елді мекендер бірегей архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді. Облыс орталығындағы 80-нен аса ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельмен қапталды. Биыл да бұл жұмыс жалғасын тауып, қосымша 21 тұрғын үй жаңғыртудан өтуде, – деді облыс басшысы.

Іс-шарада қоршаған ортаны қорғауға және тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізуге үлес қосқан 100 қызметкер марапатталды. Экологиялық инфрақұрылымды нығайту мақсатында салалық мекемелерге 26 арнайы техника табысталды. Оның ішінде қалдық тасымалдаушы көліктер, өрт сөндіру техникалары, тракторлар және кіші өрт сөндіру кешендері бар.

Ботаникалық саябақ аумағы көгалдандырылып, 500 түп қылқан жапырақты ағаш отырғызылды. Бұл жұмыстар өңірді жасыл желекке бөлеуге, ауа сапасын жақсартуға және қала тұрғындары үшін қолайлы экологиялық орта қалыптастыруға бағытталған.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде облыстың барлық елді мекенінде бір мезгілде ауқымды сенбілік және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды. Облыс әкімі Ботаникалық бақ аумағында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бастамасымен қолға алынған көнекіс өсіретін жылыжай жұмысымен танысып, оқытушылармен пікір алмасты.

Жыл басынан бері өңірдегі экологиялық шараларға 121992 адам, яғни еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласының және кәсіпорнын қызметкерлері белсене қатысты. Осы уақыт аралығында 3030 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық шығарылып, 3367 сквер мен парк, 256 тарихи-мәдени ескерткіш, 1019 әлеуметтік нысан, 669 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 210 су объектісі және 5383 көше бойы тазартылған. Бұл жұмыстарға 548 арнайы техника жұмылдырылды.



Сонымен қатар, жыл басынан бері облыс аумағына жергілікті климатқа бейімделген 88 567 түп ағаш көшеті отырғызылды. Олардың қатарында қарағаш, терек, Сыр талы және басқа да көшет түрлері бар.

Бұл акция – өңірдегі экологиялық мәдениетті дамытуға, табиғатты қорғауды жүйелі жолға қоюға және тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды бастама.

Ауқымды акцияға облыс бойынша 17694 адам қатысты.

КІТАПХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ

Мемлекет басшысы өткен жылы аймаққа жұмыс сапарымен келгенде Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік кітапхана Қызылорда қаласында ашылатынын айтқан болатын. Қазір нысан құрылысы қарқын алды. Облыс әкімі мұндағы жұмысты пәсықтады.

Заманауи, көпфункционалды кітапхана салуға инвестор есебінен 20 млрд теңге бөлінген. Жоба еліміздегі кітапхана инфрақұрылымын дамытуға, оқырман қолжетімділігін арттыруға және өңірлерде ақпараттық мәдениет деңгейін көтеруге бағытталған.

Жалпы 13000 шаршы метр аумақта 1 миллионнан астам кітап қорын сақтау, жыл сайын 250-300 мың оқырманға қызмет көрсету жоспарланған. Кітапханада ашық форматтағы оқу залдары, 50 адамдық цифрлық ресурстармен жұмыс істеуге арналған электронды бөлме, инновациялық медиа-лаб пен подкаст студиясы болады.

ЖҮЙЕНІҢ МІНДЕТІ – ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ

Қызылорда қаласында шұғыл жағдайлар мен коммуналдық мәселелерге қатысты өңір халқынан келіп түсетін өтініштерді жедел қабылдап, өңдеумен айналысатын Жедел әрекет ету орталығы бар.

Облыс әкімі орталық қызметімен танысып, маңызды деген мәселелерді сүзгіден өткізді. 2019

жылы құрылған мекеме құрамына 112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі мен 109 – Бірыңғай байланыс орталығы біріктірілген. 75 қызметкер жұмыс істейді.

Мұнда «Көмек-112» және «Көмек-109» жүйелері толық іске қосылып, шұғыл қызметтер мен мемлекеттік деректер базалары біріктірілген. Соның нәтижесінде 101, 102, 103 және 112 нөмірлеріне түскен қоңыраулар бір орталықта қабылданып өңделеді. Жыл басынан бері «Көмек-112» жүйесіне 103 мыңнан астам хабарлама тіркелген.

112 қызметі төтенше жағдайларға байланысты қоңырауларды қабылдап, жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жүйе жаңғыртылып жатыр. Бұл жаңарту арқылы қоңыраулар тезірек өңделіп, қателіктер азаяды. Сонымен қатар GPS арқылы оқиға орнына ең жақын құтқару қызметі немесе полиция экипажы автоматты түрде бағыттанып, жұмыс тиімді үйлестіріледі.

109 байланыс орталығы тұрғындардың коммуналдық және күнделікті мәселелерге қатысты өтініштерін қабылдайды. Азаматтар бір ғана 109 нөміріне хабарласып, түрлі қызметтер бойынша ақпарат алып, өтініш қалдыра алады. Жыл басынан бері бұл жүйеге 91 мыңнан астам өтініш түскен.

Алдағы уақытта жүйеге жасанды интеллект технологиялары енгізіліп, өтініштерді автоматты түрде өңдеу, жүктемені азайту және қызмет көрсету сапасын арттыру жоспарланған.

ЦИФРЛЫҚ БАҚЫЛАУ: ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі жедел басқару орталығының жұмысын да назардан тыс қалдырмады. Қазір өңірде қоғамдық қауіпсіздікті күшейту және құқықбұзушылықтың алдын алуда заманауи цифрлық жобалар жүзеге асырылуда. 2006-2016 жылдар аралығында Қызылорда қаласына 272 бейнебақылау камерасы орнатылып, тұрақты жұмыс істеп тұр.

2024 жылы аудан орталықтарында да Жедел басқару орталықтары құрылып, аудандық полиция бөлімдерінің кезекші бөлімшелеріндегі ақпаратты қабылдау, тіркеу жұмысы автоматтандырылды. Жоба аясында 539 бейнебақылау камерасы мен 49 стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғы іске қосылды.

Өткен жылы осы жүйе көмегімен 65 қылмыс, 74 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, 807 млн теңге көлемінде айыппұл, осы жылдың алғашқы төрт айында 27 қылмыс, 16 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық тіркеліп, 161 млн теңге айыппұл салынған.

Қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге былтыр Қызылорда қаласына қосымша 1400 бейнебақылау камерасы, 20 мекенжайға зияткерлік қиылыс жүйесі және 58 мекенжайға стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғы қойылды. Сонымен қатар жасанды интеллект функциясы бар бейнеаналитикалық жүйе енгізіліп, Жедел басқару орталығы толық жаңғыртудан өткен.

Былыр облыс көлеміндегі бейнебақылау камераларымен жылдамдық өлшегіш құрылғылар арқылы 371 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, 4,7 млрд теңге көлемінде айыппұл салынған.

Был қала орталығына 10 «Sunqar» кешені орнатылды. Жаңа кешендер қауіпсіздік белдігін тақтау, жылдамдықты асыру, көлік жүргізу кезінде телефонмен сөйлесу және жаяу жүр-

гіншілерге жол бермеу секілді құқықбұзушылықтарды автоматты түрде тіркейді.

Осы құрылғылар арқылы өткен төрт айда 26 мыңнан астам құқықбұзушылық анықталған.

Өңірде 23 «Ekin Patrol G2» мобильді жылдамдық өлшегіш құрылғысы бар. Олардың көмегімен өткен жылы 43 мыңнан астам құқықбұзушылық белгілі болған. Полиция департаменті 12 дрон құрылғысын пайдалануда. Биылғы төрт ай ішінде дрондар көмегімен республикалық маңызы бар автожолдардың қауіпті учаскелерінде 48 құқықбұзушылық тіркелген. Бұдан бөлек, «Қазақтелеком» АҚ жүзеге асырып жатқан «Дрондардың бірінші инфрақұрылымы» жобасы аясында 6 ұшқыссыз ұшу аппараты пилоттық режимде іске қосылған. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытындағы цифрлық жобалар кезек-кезеңімен жалғаса беріледі.

ҚҰРАМА ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Ұлттық баскетбол федерациясының президенті Абай Алпамысовпен кездесуінде саланы қолдаудағы ауқымды жобалар талқыланды.

– Мемлекет басшысының аймақтарда спорт инфрақұрылымын, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион іске қосылды. УЕФА-ның IV санатты сертификаттан алған жаңа стадион былтыр қазан айында Қазақстан кубогының финалды ойынымен ашылды. Мұнда ірі спорттық шараларды өткізуге барлық мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ былтыр балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы салынып, пайдалануға берілді.

Осындай облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі – «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Жалпы денешынықтыру, спорт және туризм басқармасына қарасты жоғары білікті спортшылар және резерв әзірлеу бағытында 33 мекеме жұмыс істейді. Спорт мектептерінде 38 спорт түрінде 646 жаттықтырушы-оқытушы 22 мыңнан астам спортшыны кәсіби бағытта тәрбиелеуде. Салаға көрсетілген қолдаудың нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысымен Қызылорда облысы «Жылдың үздік спорт өңірі» атанды, – деді аймақ басшысы кездесу сәтінде.

Ал өңірде баскетболмен 46 мыңға жуық адам шұғылданады. Облыстың құрама командасы ел чемпионаттарында үздік үштік қатарынан көрініп жүр. Қазірде 6 спортшы Қазақстан құрама командасының сапына енген. Сондай-ақ Тоғжан Нұрғалиева мен Аяжан Төрбекқызы 19 кырқуай - 4 қазан аралығында Нағоя қаласында (Жапония) өтетін XX Жазғы Азия ойындарына қатысуға үміткерлер қатарында.

КӨРКЕЙТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАЛАБЫ КҮШТІ

«Қызылорда қаласының аумағын көгалдандыру және абаттандыру» жобасының көтерер жүгі салмақты.

Деректер бойынша өткен жылы 46100 түп ағаш көшеті отырғызылған. Сонымен қатар, «KazStroyCapital» ЖШС «Қорқыт ата уезжайы» аумағына, орталық көшелер мен саябақтарға 779 мың біржылдық және 33,8 мың көпжылдық гүл көшетін егіп, 73,5 мың шаршы метр гүлді көгал түзілген.

«Hunter» технологиясына негізделген автоматты суару жүйесі, 45 шақырымнан астам құбыр тартылса, биыл 51900 түп көшет отырғызу және суару жүйесін кеңейту жоспарланған. Қазір қаладағы 27 субұрқақ іске қосылды.

Ал Жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда қазір Н.Назарбаев даңғылы, А.Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Ш.Есенов көшелерінде жұмыс қарқынды. Жоба аясында 5,5 шақырым жол қайта жаңғыртылып, жаяу жүргіншілер жолы, лотоктар мен жарықшамдар орнатылуда. Сонымен қатар, Торайғыров көшесінен «Қызылорда - Құмкөл» автожолына дейін қайта жаңғыртылуда, 2,1 шақырымнан асатын көше бойында жаяу жүргінші жолы мен жарықтандыру жүйелері қарастырылған.

Облыс әкімі осы нысандардағы жұмысты тағы да ширата түсуді тапсырды. Бұл ретте «Қызылжарма» каналын науамен жабықтау, «Бәйтерек» шағын ауданындағы Оңтүстік магистралды каналы арқылы өтетін көпір құрылысы да қаперден қағыс қалмады. Мұнда да инфрақұрылымды жаңғырту, жаяу жүргіншілер көпірлерін салу және жарықтандыру жүйелерін орнату қарекеті жасалып жатыр.



ПАРИЖ АСПАНЫНДА ҚАЛЫҚТАҒАН ӘН

Парижде Қазақстанның Франциядағы елшілігінің ұйымдастыруымен Еуропа қазақтарының басқосуы өтті.

Жиынға Қазақстанның Франциядағы елшісі Гүлсара Арыстанқұлова, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, Түркия Әділет және даму партиясы төрағасының орынбасары Рашида Юксель, Қазақ-француз-түрік қауымдастығының төрағасы Режеп Гюнай, «Отандастар» қорының вице-президенті Әлібек Жұрқадам, сондай-ақ қазақ диаспорасының мүшелері қатысты.

Басқосу аясында Сыр елінің өнер шеберлері көрермен қауымға арнайы концерттік бағдарламасын ұсынып, қазақ халқының бай мәдениеті мен ұлттық өнерін паш етті. Күй мен жыр, дәстүрлі ән мен патриоттық шығармалар шетелдегі ағайынға туған елдің ыстық ықыласын жеткізді.

Ұлттық нақыша толы кеште көрермендер қазақ өнерінің терең тамыры мен рухани құндылығына куә болып, ерекше әсер алды. Сыр сүйелерінің мұрасын дәріптеген өнерпаздар Еуропа төрінде қазақ мәдениетінің мәртебесін асқақтатты.

Сонымен қатар, ұлттық колорен шеберлерінің көрмесі ұйымдастырылып, қазақтың дәстүрлі өнері мен ата-бабадан жеткен асыл мұрасы таныстырылды. Көрмеде ұлттық нақыштағы бұйымдар, қолдан жасалған көдессыйлар мен зергерлік өнер туындылары көпшілік назарына ұсынылды.



Қазақстанның Франциядағы елшілігі және Қызылорда облысы әкімдігінің, «Sumbe» компаниясының қолдауымен Париждегі атақты дипломатиялық залдардың бірі – Cercle de l'Union Interalliée ғимаратында Қызылорда облыстық филармониясының концерті өтті. Мәдени шара Еуропадағы отандастар мен қандастардың басқосуы аясында мәдени байланысты нығайту

және ұлттық өнер арқылы ұлт бірлігін дәріптеуді негіз етті.

Сыр өңірінен арнайы барған шығармашылық ұжым көрерменге халқымыздың төл өнерін, дәстүрлі музыкасын, күй мен билің озық үлгілерін ұсынды. Кеш шымылдығы Құрманғазының «Балбырауын» күйімен ашылып, Қорқыт мұрасы, халық әндері мен Абай шығармалары орындалып, көрерменнің зор қошеметіне бөленді.

Концертті Франциядағы шетелдік елшіліктердің басшылары мен қызметкерлері, көрнекті тұлғалары, Еуропаның бірқатар елдерінде тұрып жатқан қандастарымыз, сондай-ақ Париж қаласының тұрғындары тамашалады.

Концертте халық аспаптар ансамблі, (көркемдік жетекшісі Нұрғиса Нұрбай), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Әмзе (домбыра), күйші Болат Күзембаев (домбыра), дәстүрлі орындаушылар, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Бисенбек Төлеубаев, Жәнібек Жақсан, филармония солистері, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары Гаухар Бисенкенова, Индира Баимбетова, Жалын Жүсіпов, Олжас Нұрғалиев, Назым Тілеулесова, Әлішер Шөжен, Арайлым Маханбетжанова және «Ай-Ал» заманауи би ансамблі өнер көрсетті. Режиссері Мәдениет саласының үздігі Әзиза Іздікұлова.

Ғасырлар сырын сақтаған, Эйфель мұнарасы асқақтаған, Сена жағасында сан тағдыр мен сан өнер тоғысқан ғажайып шаһардың тұрғындары мен қонақтары ұлттық колорен туындыларын тамашалап, ұлттық музыкамыз бен әлемдік классиканың танымал шығармаларын тыңдауға мүмкіндік алды. Сыр бойының төлтума өнерін, қазақ ұлттық фольклорын жоғары деңгейде насихаттаған өнер нелері көрерменнің зор ықыласы мен құрмет-қошеметіне бөленді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БИІКТИГІН ЖОҒАЛТПАҒАН БІР БЕЙНЕ

Алмагүл Божанқызы өмірдің қай белесінде де қарапайым халықтың жанынан табыла білді. Қызметтің биік мінберінде отырса да, қарапайымдылық пен кісілікті серік еткен жанның болмысы көпшілікке үлгі болды. Халық оны лауазымы үшін емес, елге деген адалдығы мен адамгершілігі үшін қадірледі.

Ол еңбек жолын ұстаздықтан бастап, бала тәрбиесі мен білім саласында тер төкті. Кейін ел басқару ісіне араласып, қайсар мінезі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында үлкен жауапкершілікті істерді абыроймен атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын кезеңде Сырдария ауданын басқару – кез келген адамның қолынан келе бермейтін іс еді. Экономика тұралап, ел еңсесі түскен тұста Алмагүл Божанқыза туған жердің тағдырына бейжай қарамай, ауданның әлеуметтік жағдайын көтеруге бар күш-жігерін жұмсады.

Ол басқарған кезең – ел есінде еңсеру мен еңбек жылдары ретінде қалды. Ауылдың шамы сөнбей, халықтың үміті үзілмеуі үшін түн ұйқысын төрт бөлді. Әсіресе Сырдария ауданы жабылу қаупіне ұшыраған тұста көрсеткен табандылығы – нағыз елжандылықтың үлгісі. Туған жердің тағдыры таразыға түскен шақта қайсар қайраткер ауданның сақталып қалуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Бұл – бір ауданның ғана емес, тұтас бір елдің рухын сақтап қалумен тең іс еді.

Алмагүл Божанқызымен қатар қызмет істеген әріптесі қоғам қайраткері Нахмадин Мұсабаев үлкен тебіреніспен еске алды.

– Тағдыр бізге кемелденген социализм кезінде де, ата-бабамыз армандаған тәуелсіздік кезінде де, елдің ауыртыналығын бірге көтеруді бұйырты. Алмагүл Божанқызының да дүниеден



өткеніне екі жылға жуықтап қалыпты. Мен оны жоғары білім алып, туған жеріне келіп, еңбек жолын бастаған кезінен білемін. Ол кісімен Теренөзек ауданының атқару комитетінің орынбасары кезінен араласа бастады. Алмагүл алғашқылардың бірі болып, атқару комитетінің төрайымы болып сайланды. Екеуіміз қатар әріптес болдық. Теренөзек ауданының әкімі болған уақытта, тәуелсіздік жылдарындағы әйелдер арасынан шыққан алғашқы әкім ретінде ел тарихында өзіндік ізін қалдырды. Бұл кезең – ел дамуының ең күрделі, жауапты уақыттарының бірі еді, – деді ол.

Алмагүл Божанқызы ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік салада жүйелі жұмыстар жүргізіп, елді мекендердің сақталуына, орта және шағын бизнесті дамытуға баса назар аударды. Соның нәтижесінде бүгінгі күні өндірісі өркендеген ауылдар өз тұтастығын сақтап, даму жолын жалғастырып келеді. «Ұрпақтан-ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің негізін қалап, өмірінің соңына дейін азаматтық қоғамның алға ілгерілеуіне атсалысты. Қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға, ашық әрі тиімді диалог орнатуға елеулі үлес қосты.

Жылында Қазақстанның Еңбек Ері Абзал

Ералиев, қоғам қайраткері Әріп Хожбанов, «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Бихожа және филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева оның ерен еңбегі мен ғибаратты ғұмыры туралы естеліктерін бөлісті.

Ардақты тулғаның еліне сіңірген еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып «Күрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталды. Қызылорда облысының Күрметті азаматы атанды.

Алмагүл апайдың тағы бір ерекшелігі – руханиятқа деген жанашырлығы. Ол ел тарихын, ұлт құндылығын, ананың тәрбиесін әрдайым биік қойды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық тағылымды істер атқарды. Жазған кітаптары мен естеліктерінде туған жерге деген сағыныш, елге деген махаббат, уақытқа деген жауапкершілік айқын сезіледі. Қоғам қайраткерлері мен замандастары туралы естеліктер жазды. Оның ішінде «Ердің бағын жандырған Ер Балдырған», «Сыр елім – Жерұйығым» сынды 10-ға жуық еңбектерін жарыққа шығарды. Бұл туындылар – аймақ руханиятының мұрасында ерекше орын алады.

Халық даналығында «Жақсының аты өлмейді» деген сөз бар. Алмагүл Божанқыза да артында өшпес із, өнегелі жол қалдырған тулға. Оның есімі – елге қызмет етудің, туған жерге адал болудың символындай.

Бүгінде оның жарқын бейнесі халық жүрегінде сақтаулы. Өмір жолы кейінгі буынға отан-сүйіштіктің, табандылықтың, парасаттылықтың мектебі болып қала бермек.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»
Суретті түсірген
Бағдат ЕСЖАНОВ



Науқастанған адам үшін алғашқы медициналық көмектің маңызы зор. Мұндайда жедел жәрдем қызметіне жүгінеміз. Дер кезінде әрі сапалы көрсетілген көмек адам өмірін сақтап қалады.

Кейінгі жылдары елімізде денсаулық сақтау саласын дамытуға барынша назар аударылып келеді. Әсіресе, тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға арналған шаралар қатарында жедел жәрдем қызметін жетілдіру жұмысы да бар. Себебі жедел жәрдем – медицина саласының өзегі.

Жалпы, бұл қызметтің тарихы әрде жатыр. Соғыс даласындағы алғашқы көмек көрсетуден басталып, уақыт өте келе медицинаның маңызды әрі жеке саласына айналды. Деректерге сүйенсек, XIX ғасырдың басында алғашқы ұйымдастырылған жедел көмек Наполеон Бонапарттың бас хирургі Доминик-Жан Ларрейдің бастамасымен жүзеге асты. Ол жараланған сарбаздарды майдан даласынан жылдам алып шығу үшін ұшатын амбулатория (ат арбалар) жүйесін енгізді.

1860 жылдары азамат соғысы кезінде АҚШ армиясында арнайы жедел жәрдем жасақтары құрылды. Бұл кейін бейбіт өмірдегі аурухана негізіндегі алғашқы стансалардың ашылуына түрткі болды. 1881 жылы Венадағы қайғылы өрттен кейін әлемдегі алғашқы ерікті құтқару қоғамы құрылып, ол халықаралық үлгіге айналды. Ал Қазақстан аумағындағы жедел жәрдемнің қалыптасуына келсек, 1926 жылы Алматы қаласында алғаш рет орталық қалалық амбулатория жанынан 4 медициналық қызметкерден тұратын алғашқы жедел жәрдем тобы жұмысын бастады.

Бүгінде елімізде жедел жәрдем қызметі жетілдіріліп, медициналық авиациямен біріктірілді. Шақырулар халіне қарай жеделділіктің 4 санатына бөлінеді, ал мамандандырылған мобильді бригадалар халыққа шұғыл көмек көрсетеді. Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі мәлім еткендей, тек былтырдың өзінде Қазақстанның жедел медициналық жәрдем қызметі 8 млн-нан астам шақыртуға қызмет көрсетсе, биылғы үш айда бұл көрсеткіш шамамен 1,8 млн болған. Осы орайда облыстағы жедел жәрдем қызметінің жұмыс ауқымы қандай, материалдық-техникалық базасы қаншалықты қауқарлы деген сұрақтар төңірегінде облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының бас дәрігері Бауыржан Төлегенмен сұхбаттасқан едік.



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІЛДІРІЛІП КЕЛЕДІ

– Бауыржан Төлегенұлы, кейінгі жылдары облыс әкімінің есептерінде, жалпы денсаулық сақтау саласы туралы айтқанда жедел жәрдем қызметі санитарлық автокөлікпен түгелдей қамтылды дегенді алға тартып келеміз. Сіз басшылық қызметке келгені қандай жаңалық бар?

– Иә, қазіргі кезде өңірдің жедел жәрдем қызметінде санитарлық автокөлік мәселесі түбегейлі шешілді. Мен 2023 жылдың қазан айында осы жерге басшылық қызметке келдім. 2024 жылы 16 автокөлік берілді. Былтыр 1 шілдеден бастап емханаларға қатысты кешкілік болатын төртінші санаттағы шақыруларды жедел жәрдем топтары орындайды. Нақтырақ айтқанда, жұмыс күндері 19.00-ден кейін, сенбіде түстен бастап, демалыс күндері толықтай біз қызмет көрсетеміз. Осыған байланысты тағы 16 автокөлік берілді. Сонда бір жарым жылдың көлемінде 32 көлік берілді. Бұған дейін де алынды. Өйткені жыл сайын ескірген, бұзылған көліктің орнына жаңасы келеді. Аудандарда да солай. Себебі өмір болғасын шақырулар толғастамайды, соған сәйкес көмек те тоқтаусыз көрсетілуі тиіс. Белгіленген нормативтік талапқа сәйкес автокөлік жалпы көліктің санынан он пайыз артық болуы тиіс. Техника болғасын бұзылады, жолда жүргенісін жол-көлік оқиғалары да болады. Ондай жағдайда бригадалар тоқтаусыз жұмыс істеу үшін артық автокөліктер тұруы керек. Механиктер тәулік бойы кезекшілікпен жұмыс істейді. Бір сөзбен

айтқанда, қазіргі кезде санитарлық автокөлікпен қамтуда еш мәселе жоқ. 2024 жылы облыс әкімінің қолдауымен 200 санитарлық автокөлік берілді. Осылайша ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау мекемелері де толықтай автокөлікпен қамтылды.

– Облыста қанша жедел жәрдем бригадасы бар?

– Қазіргі кезде 70 бригада жұмыс істейді. Аудандарда және қалада бар. Аудандарда бір бөлімшеден. Бірақ Сырдария ауданының Шаған ауылында және Арал ауданының Сексеуіл кентінде ауылдардың шалғайлығына байланысты қосымша бригадалар қызмет атқарады. Қалада төрт бөлімше бар. Ол

селеге аса мән беріледі. Алғашқы көмек көрсетуге қажетті құрал-жабдықтарымыз жеткілікті. Бізде сонымен қатар санитарлық авиация бар. Жермен және әуе көлігімен аудандарға шығамыз. Жаз мезгілінде айына 20-25 рет ұшамыз. Көбіне жаңа туған нәрестелерді тасымалдаймыз. Бір АН-2 және бір сурокпортор тікұшағы бар. Төтенше жағдайлар департаментіне тиесілі МИ-8 тікұшағы бар, қажет болған жағдайда алыс ауылдарға соны да пайдаланамыз. Облыстағы барлық ауруханамен келісімшарт бар. Соның негізінде алдымен телемедицина арқылы кенесіп аламыз, содан кейін ғана қажет болған жағдайда санавиация жібереміз. Былтыр жаңа туған нәрестелерді тасымалдайтын

«Қазір жедел жәрдем келгенімен ештеңе істемейді не дәрі екпейді» деген ренішті жүй естіп қаламыз.

– Біздің жұмысымыз Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен бұйрыққа, хаттамаға сәйкес жүргізіледі. I, II, III, IV санатты шақыруларға көрсетілетін көмектер бар. Созылмалы ауруы бар кісілерге барғанда өзінің ішіп жүрген дәрі-дәрмегін ішуге кеңес беріледі. Наразылық бар, оны жасыра алмаймыз. Көбіне кішкентай балаға шақырғанда ата-аналары шыдамсыздық танытып жатады. Бригада барғанша біздің мамандар телефон арқылы кенес береді. Ал бірінші, екінші, үшінші санатты шақыруларда қажетті дәрі-дәрмек егіліп, адамды аман алып қалудың барлық амалы жасалады. Жалпы біздің қызметіміз заман бекітілген хаттама аясында жүргізіледі.

– Бригаданың науқасқа жету уақыты қалай? Бұдан біраз уақыт бұрын сағаттан күттік деп шағымданып жатушы еді.

– Қазіргі кезде шақырысқа жету уақыты әр санатқа байланысты белгіленген. Мысалы, бірінші санат он минутқа дейін, екінші санатқа жету уақыты он бес минутқа дейін, үшінші санат жарты сағатқа дейін, төртінші санат бір сағатқа дейін бару керек деп белгіленген. Кешкілік қарбалас сәтте сәл қиындау, әрине. Әсіресе, ата-ана кешкілік жұмыстан келгенін балашағасын түгендей бастайды ғой, сол кездерде қарбалас басталып кетеді. Одан бөлек, қызылша секілді маусымдық вирустардың кезінде шақырыс көбейіп кетеді. Сондай жағдайда болып тұрады. Бірақ барынша уақытылы, жедел жетуге, кешікпеуге жұмыс жасап жатырмыз.

– Қандай мәселе бар? Жоспарларыңыз туралы айтсаңыз?

– Қазіргі таңда айтарлықтай мәселе жоқ. Алдағы уақытта аудандарда, қалада халық көп шоғырланатын жерлерде алғашқы көмек көрсету бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Соған түсіністікпен қараса дейміз. Алғашқы көмек көрсетуді кез келген адам білуі тиіс деп ойлаймыз. Жедел жәрдем жеткенше алғашқы көмекті көрсете білу өте маңызды. Мектеп директорларымен тығыз байланыстамыз. Қазір суға түсу маусымы басталды. Соған байланысты суға батқанда қалай көмек көрсетеміз, соны үйренсе дейміз. Жол-көлік оқиғалары да көп. Сондай жағдайда жедел көмек көрсетудің маңызы зор. Бұл орайда полиция, төтенше жағдай қызметкерлерімен бірігіп жұмыс істейміз. Тұрғындар арасында алғашқы көмек көрсете білуді насихаттау бағытында жұмыстар атқарылууда.

Атап айтар мәселе жоқ, саланы қаржыландыру уақытылы әрі толықтай жүргізілуде. Биыл жедел жәрдем қызметкерлерінің жаалақысы көбейді. Жылдан жылға жақсармасақ, жаман емес.

Жетістіктеріміз де баршылық. Жылда жедел жәрдем бригадаларының республикалық спартакиадасы өтеді. Соған қатысып, жүлделі орындар алып жүрміз. Былтыр Ақтау қаласында халықаралық деңгейде өтті. Сонда реанимациялық көмек көрсету бойынша біздің қызметкерлер бірінші орын алды. Алдағы уақытта мамандарымызды шетелдерге шығарып, біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу жоспарымыз бар. Сонымен қатар аудандарда мамандардың біліктілігін арттыру бойынша курстардан өткізу қолға алынған.

– Әңгімеңізге рахмет! Істеріңізге сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан
Айнур БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



бөлімшелерде 36 бригада жұмыс істейді. Одан бөлек, емханалардың барлығында мобильдік топ бар. Олар күндізгі шақырыстарды қабылдайды. Облыс бойынша 28 мобильдік топ таңертеңгі сағат 8.00-ден кешкі 19.00-ге дейін қызмет атқарады. Негізінен төртінші санаттағы шақыруларға барады. Одан кейінгі уақытта жедел жәрдем бригадалары халыққа қызмет етеді. Ал бірінші, үшінші санаттарға біздің шақырыс топтарымыз барады. Бірақ үлгермей жатқан жағдайда тұрғындар тарапынан реніш болмас үшін біздің қызметкерлер де ара-тұра барып көмек көрсетеді.

– Кадр мәселесі қалай?

– Бүгінде жедел жәрдем қызметінде 1109 қызметкер бар. Оның ішінде 58-і дәрігер, 668-і орта буын медицина маманы, өзге де қызметкер саны – 387. Кадрмен қамтуда еш мәселе жоқ. Дәрігерлердің санаттылығы 51 пайыздан 65,5 пайызға көбейді. Атап айтқанда, жоғары санатты дәрігер саны – 25, бірінші санатты – 6, екінші санатты – 7. Ал орта буын медицина қызметкерлерінің санаттылығы 45 пайыздан 51 пайызға артты. Оның ішінде жоғары санаттысы 219 болса, 43-і бірінші, 78-і екінші санатты. Резидентура бітірген дәрігерлеріміз бар. Алдағы уақытта жалпы тәжірибелік дәрігерлерді де жұмысқа қабылдау туралы жаңа заң күшіне енкешкі. Фильдшерлермен жүз пайыз қамтылған. Мамандардың біліктілігін көтеруге де баса көңіл бөлінген.

– Материалдық-техникалық база туралы не айтасыз?

– Материалдық база туралы санитарлық автокөлікпен бөлек, медициналық құрал-жабдықтарды айтамыз. Бүгінде 95 пайыз қамтылған. Кез келген жағдайға бірінші жететін жедел жәрдем ғой, сондықтан бұл мә-

күвез құрылғысын алып берді. Ол – жаңа туған нәрестелерді тасымалдауға өте қажетті құрылғы. Жол бойы арнайы монитор арқылы нәрестені жүй-күйін бақылап, кислородпен қамтамасыз етеді.

– Кейінгі кезде жедел жәрдем қызметкерлерін қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы жәкі көтерілуде. Оған себеп – шақырысқа келген мамандарды ұрып-соғу, жеке басына қауіп төндіру секілді келеңсіз көріністердің жиілеуі. Сондай оқиғалар сіздің қызметкерлеріңізде кездесті ме?

– 2024 жылы сондай бір оқиға болды. Күндізгі уақытта шақырысқа барған қызметкерімізге мас күйдегі азамат шабуыл жасап, ми шайқалуымен ауруханаға ем алып шықты. Бүгінде қатарымызда жұмысын істеп жүр.

Иә, кейінгі жылдары аталған мәселеге қатысты ұсыныстар жиі көтерілгені рас. Тек жедел жәрдем емес, аурухана, емхана қызметкерлерін де қорғау туралы заң күшіне енді. Былтыр облыс әкімінің қолдауымен жедел жәрдем қызметкерлеріне видео-жетондар алып берілді. Қазір барлық бригада шақырысқа барғанда соны пайдалана алады. Ол аудио, видео жазбалар жүргізуге мүмкіндік береді. Егер қандай да бір дау туған, шағым түскен жағдайда соны қарап, кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс, шешім шығаруға, құқықтық баға беруге болады. Бірақ заннамаға сәйкес барған кезде ел алдымен видео жүргізуге рұқсат еңрайды. Ал агрессивті жағдайда қызметкер өзін қорғау үшін рұқсатсыз да түсіре алады. Алдағы уақытта сақтық үшін автокөлікке де камера орнатуды жоспарлап отырмыз. Ол үшін ұсыныс та беріп қойдық.

– Кейінгі кезде көпшіліктің



Жаңақорған: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІКТІ АРТТЫРДЫ

Өңірдегі әлеуметтік-экономикалық, құрылыс, өндіріс және инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылып жатқан жобаларды таныстыруға арналған баспасөз турының екінші күні Жаңақорған ауданында жалғасты. Шара барысында ауданда қолға алынған ілкімді жобалар таныстырылды.

Журналистер алдымен ауданның 5 елді мекеніне жоғары қысымды жеткізуші газ құбырын салу жобасының жүзеге асырылу барысын көрдік.

«Көгілдір отынмен» қамту қарқыны

Жаңақорған ауданында халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жобалар баршылық. Соның бірі – Еңбек, Сунақата, Қожамберді, Тақыркөл және Екпінді елді мекендеріне жоғары қысымды газ жеткізетін құбырын салу. Бүгінде жұмыс қарқынды жүргізілуде. Жоба құны – 250 млн 584 мың теңге. Биылға республикалық бюджеттен 100 млн теңге қаржы бөлінген. Құрылыс жұмысының бас мердігері – «Сырэнергогазстрой» серіктестігі. Құрылыс-монтаж жұмыстары сәуірдің ортасынан ауа басталған. Бүгінде 4,4 шақырым газ құбыры тартылды, 5 газ тарату пункті жеткізіліп, орнатылуда. Жоба аясында жалпы 7,7 шақырым жоғары қысымды газ құбыры жүргізіліп, 5 ГРПШ орналастырылады.

Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары 50 пайызға орындалған. Нысанды осы жылы тамыз айында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

– Ауданның батыс бөлігінде газдандыру жұмысы кезең-кезеңімен жүргізілуде. Алты елді мекенді газдандыру басталып кеткен. Соның ішінде 2024 жылы Төменарық ауылына «көгілдір отын» тартылып, тұрғындар игілігін көреді. Шиелі аргесінен бері қарай 35 шақырым жоғары қысымды газ желісі салынған. Оның бойында аталған бес елді мекен орналасқан. Сол ауылдарға газ жүргізу қолға алынып отыр. Бүгінде сол жоғары қысымды газ желісінен әрбір елді мекен тұсына дейін газ қондырғысын орнату аралығындағы желі құрылысы жасалып жатыр. Аудан бойынша жеті ауыл мен аудан орталығы, яғни кент табиғи газға қосылды. Егер осы бес елді мекенді газға қоссақ, халық санына шаққанда табиғи газбен қамту көрсеткіші 64 пайызға жетеді. Жалпы ауданда қарасты 35 елді мекен бар, – дейді аудан әкімінің орынбасары Қайрат Сапарбаев.

Демек осы жобаның жүзеге асуы нәтижесінде 5 елді мекендегі 6251 тұрғын табиғи газдың игілігін көреді деп күтілуде. Бұл өз кезегінде елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін бермек.

Құс фабрикасы іске қосылар күн алыс емес

Жаңақорған ауданында агроөнеркәсіп саласын дамыту бағытындағы ірі инвестициялық жобалардың бірі – құс фабрикасының құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Бүгінде «Абдулла» шаруа қожалығы «Союз Пром Птица» мекемесімен бірлесіп, жылына 5,5 мың тонна құс етін өндіретін заманауи фабрика салуда. Жоба толық іске қосылған кезде 120 жаңа жұмыс орны ашылып, тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде құс фабрикасының құрылыс жұмыстары 98 пайызға аяқталған. 12 құс қораның құрылысы, 1 құс сою цехы, 1 балапан ашатын цех, әкімшілік, техникалық қызмет көрсету ғимараты толық бітіп, мұздатқыштары орналастырылған. Нысан осы жылдың шілдесінде аяқталуға күтіледі.

– 2020 жылы жиырма гектар жерге құс фабрикасы құрылысын «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ-дан 2,8 млрд теңге жеңілдетілген несиелік алыммен бейімделген. Жылы мезгілде өнім молырақ алынса, қыста да қажетті өнім шығып тұр.

Бұл кәсіп – тек отбасының табыс көзі емес, ауыл ішіндегі сұранысты өтейді. Ең бастысы, жергілікті әрі жаңа үзілген өнімге жетпейді.

«Ауыл аманаты» жобасының көздеген мақсаты ауылдағы ағайынның тұрмыс жағдайын арттыруға бағытталған еді. Демек, жоба өз нәтижесін беруде.

Болашақта ұлғайту жоспарымыз бар. Облыстың сұранысы жылына 16-17 мың тонна екен. Құдай қаласа соған жеткіземіз деген мақсатымыз бар. Өзге де қалалардан тапсырыс аламыз. Қазірдің өзінде Ресейден алғашқы тапсырыс түсті. Қырғызстаннан да келіп, келісім жасап жатырмыз. Бір құс қорасына 25 мың балапан сыяды. Қазір 12 қора жай бар. Алдағы уақытта тағы 12-



сін соғу межеде тұр. Құс сою цехын толыққанды іске қосу үшін жалпы 48 құс қора қажет. Балапанды Алматы, Тараздан алсақ, Түркия, Ресей және Өзбекстаннан да жеткізу ойда бар, – дейді «Абдулла» шаруа қожалығының директоры Әбілхан Тәжімбетов.

Жылыжай жұмысын жандандырған

Аудан тұрғыны Наурызбай Айымбетов ауылда өз кәсібін бастаған. 2023 жылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 3,9 млн теңге жеңілдетілген несиелік алыммен, өзінің тұрғын үйі ауласынан жылыжай тұрғызып. Бұл жұмысы нәтижелі болған соң, былтыр аудан әкімдігінен «Саяжай» шағын ауданынан оған 1 гектар жер телімі табысталды, сондай-ақ биыл кәсібін кеңейту үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 2,5 пайыздық 9,8 млн теңге жеңілдетілген несиелік алым, жылыжай жұмысын жаңа деңгейге көтерді.

Жылыжай – тұрақты табыс көзі. Бұл жерде өскен қияр, болгар бұрышы өнімдері ауыл тұрғындарына қолжетімді бағада сатылып келеді. Өнімге сұраныс бар, демек жұмыс көлемін ұлғайту жоспарланып отыр.

«Жылыжай – бір күндік тірлік емес. Күнделікті күтім, уақытылы бап, тұрақты еңбек қажет. Қазір өзіміз күтіп-баптап отырмыз. Отбасымызбен бірге істейміз. Бастысы – халық разы, өнімге сұраныс бар, – дейді кәсіп иесі.

Жылыжайдың көлемі ауыл сұранысына бейімделген. Жылы мезгілде өнім молырақ алынса, қыста да қажетті өнім шығып тұр.

Бұл кәсіп – тек отбасының табыс көзі емес, ауыл ішіндегі сұранысты өтейді. Ең бастысы, жергілікті әрі жаңа үзілген өнімге жетпейді.

«Ауыл аманаты» жобасының көздеген мақсаты ауылдағы ағайынның тұрмыс жағдайын арттыруға бағытталған еді. Демек, жоба өз нәтижесін беруде.

Ал ауылда отырып-ақ, кәсібін дөңгелентіп, қоғамға пайдасын тигізіп келетін Наурызбай Айымбетовтің игі бастамасы жастардың еңбекке деген көзқарасын өзгертуге сеп болары сөзсіз.

Қызмет көрсетудің заманауи үлгісі

Ауданда кәсіпкерлікті қолдау жақсы. Бірі жылыжай ісін дамытып жатса, енді бірі халықаралық көлік дәлізі бойында заманауи сервистік кешенді іске қосуда. «Caspian Services Asia» ЖШС-нің «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі бойындағы «В» санатты қызмет көрсету кешені – ерекше тал-



су тарату станциясын қоршау, магистраль желісін салу және электрмен жабдықтау жүйесінің құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Су мұнарасы, насостық станциясы жеткізді. Сонымен қатар сыйымдылығы 2400 м3 екі резервуардың құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы құрылыс-монтаждау жұмыстары 85%-ға орындалған. Нысан басында 27 адам, 6 техника жұмыс істеуде.

– Кентте кейінгі төрт-бес жылда жаңа аудандар пайда болып, аумағы кеңейіп, «Саяжай», «Алтыкрант», «МАИ бекеті» мөлтек аудандары бар. Соған байланысты әсіресе, жаз айла-

лікті және республикалық маңызы бар теміржол нысандарында жаңа заманауи талаптарға сай реконструкциялау жұмыстары жүріп жатыр.

Жаңақорған ауданы аумағынан өтетін теміржол желісінің ұзындығы – 128 шақырым. Аудан бойынша 6 станция және 4 разъезд бар. Тәулігіне 40-50 пойыз өтеді.

Ал кенттегі теміржол вокзалының ғимараты осыдан елу жыл бұрын, яғни 1976 жылы пайдалануға берілген. Ғимараттың жалпы алаңы – 922,3 шаршы метр.

Вокзалды қайта жаңарту жобасының құны – 1 млрд теңгеден асады. Мердігер «Дәнекер» ЖШС былтыр мамыр айынан бастап құрылыс жұмыстарын жүргізуде.

Бүгінде шатыр, терезелерін ауыстыру, сыртқы қабырғасын қатты травертинмен қаптау, ішкі электр желілері, өртке қарсы дабыл жүйесі, бейне бақылау жүйесін жүргізу мен бірінші қабаттағы бөлмелерді бөлу, іргетасын қаптау, баспалдақтарын салу, сыртқы кіреберістері бастырма жұмыстары, вокзалдың күту залының ішін және төбесін әрлеу, ішкі ауызсу, кәріз және жылу жүйесін ауыстыру, жылу қазандығын орнату және газ құбырын жүргізу жұмыстары атқарылған. Перрон жағына асфальт және брусчатқалар төселіп, түнгі жарық шамдарын орнатылған.

Теміржол платформасынан өтетін аяқжол өткеліне 4 жерден резина төсеніші төселіп, теміржолдың 1-ші және 2-ші жолағына бейнекамералар орнатылуда.

Осындай күрделі әрі заманға сай жөндеуден өтіп жатқан теміржол вокзалы маусым айында пайдалануға берілімек.

– Вокзалдың сыртқы келбеті, ішкі жұмыстары толықтай бітті. Перрондар қайта жасалды. Тәулігіне 150 адам қабылдайды. Соған сай қайта жаңғыртудан өтті. Заманауи келбетке ие болды. Ана мен бала бөлмесі, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған бөлме де бар. Вокзал түгел заманауи стильде қайта жаңғыртылып, жолаушыларға қолайлы жағдай жасалды, – дейді бас инженер Фабиат Алмағанбетов.

Медициналық көмек қолжетімді

Біз сондай-ақ аудандық көпбейінді аурухана жанынан салынған қосымша ғимаратты да көрдік.

Кейінгі кезде ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау қызметін дамытуға баса көңіл бөлініп, тұрғындарға медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мән берілген. Ал қосымша ғимарат аудан орталығындағы халыққа көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсартуға үлкен мүмкіндік.

Ғимараттың жоба-сметалық құны – 791 795 мың теңге. Бас мердігер – «Дәнекер» ЖШС. Бас жобалаушы – «Қызылорда ВодгазПроект» ЖШС.

– Бұл ғимарат Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жоба аясында салынды. Облыс бойынша төрт ауданда осындай қосымша құрылыс жүрді. Ғимарат инсульт орталығы болды. Жылдың аяғына дейін МРТ және ангиограф аппараты құрылады. Қазір КТ-мен жұмыс істеудеміз. Бұған дейін инсульт терапия бөлімі ішінде болған. Орталық 20 орынға арналған. Ғимаратта дәрігер, УДЗ бөлмесі бар, – дейді бас дәрігер Марат Ршымбетов.

Жаңақорғандағы бірқатар жаңалықтар журналистерді осындай деректерге қанықтырды. Сапар әлі де жалғасады.

**Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».**
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



«ARAL»: ТАБИФАТ пен АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМІ



– Фильмді түсіруге бас-аяғы он күнге жуық уақыт кетті. Түсірілім жұмысының далалық жерде өтетініне дайын болдық. Кейіпкерді осыдан үш-төрт жыл бұрын сюжет түсірілімінде байқап қалып, көп ақпарат жинап, әбден зерттедік. Атамыз арқылы адам мен табиғаттың үйлесімін, барлығын шынайы көрсетуге ұйыстық, – деді ҚР Президенті Телерадиокөшесінің режиссері Дәулет Әуелбеков.

Деректі туындыда жарты ғасырдан астам ғұмырын балық аулаумен өткізген Күнтуған Тұрғанбаевтың портреті арқылы теңіздің бүгінгі мен болашағы көрініс тапқан. Көрсетілімге орталық мамандары мен фильмнің бас кейіпкері арнайы қатысты.

– Балық шаруашылығы саласында жұмыс істедім. Деректі фильм түсіруге карт балықшы керек болғандықтан өзім тұратын Арал ауданы Қаратерен ауылының әкімі үлкен теңізді көрген байырғы жергілікті тұрғын әрі карт балықшы ретінде мені ұсынған екен. Кәсіби шеберлігім болмаса да ұсынысты қабыл алдым. Бір аптадай түсірілім құрамының қарамағында болдым. Өзім балық аулаған орынды көрдім. Теңіз өткен ғасырдың

алпысыншы жылдарында қайта бастады. Бас-аяғы жиырма жылдың ішінде шаңы көтеріліп, тақырға айналды. Түсірілім барысы өзіме ұнады. Бәрі өз ісінің шеберлері болғасын ешқандай қиындық туған жоқ, – деді Күнтуған Тұрғанбаев.

Көрсетілімнен кейін облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет ҚР Президенті Телерадиокөшесінің ұжымын 30 жылдық мерейтоймен құттықтап, теңіз мәселесін дөп басқан әсерлі туынды үшін Сыр жұртшылығы атынан алғыс айтты.

– Бүгін өзіміз де Кіші Аралға барып қайтқандай әсерге бөлендік. Сәтті түсірілген. Кәсіби актер болмаса да Күнтуған ағамыз Аралдың тағдырын жақсы баяндап берді. Бұл – бір ғана адамның емес, Аралдың тағдыры. Жарты сағатқа Аралдың өткені мен бүгінгі сыйдырғаны көңілге жылылық ұялатты. Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Арал теңізі мәселесіне тоқталып, оның жандық маңызын атап өтті. Аралдың өз тарихында бірнеше рет тартылып, қайтадан толғаны туралы айтылып жүр. Президент бастамасымен атқарылып жатқан ауқымды жұмыс нәтижесінде ұлы теңіздің әлі де оралатынына үміт-

тіміз, – деді Мейрамбек Шермағанбет.

Деректі фильмнің мақсаты ақпаратты аудиторияға жеткізу ғана емес, сондай-ақ көрермен эмоциясына белгілі бір әсер қалдыруы маңызды. Көрсетілімнен соң біз көрермен пікірін білдік.

– Түсірілім деңгейі өте жоғары, тақырып та жақсы ашылған. Балық аулау кәсібінің ерекшеліктері, теңіздің бұрынғы орны, кейбір дүниелердің жергілікті тілде аталуы фильмнің маңызын байыта түскен. Аралға табаны тимеген әрбір адамда «теңізді бір көрсем» деген арманды оятқандай, – деді қала тұрғыны Нұрлан Көбегенұлы.

Кинолекторийдің екінші күні көрермен үздік авторлық деректі фильмдердің қатарындағы «Серт» және «Travel Kazakhstan» туындыларын тамашалады.

«Серт» фильмі кейіпкерлер оқиғасы арқылы 2024 жылдың көктемінде Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында болған алапат су тасқынын бүкіл ел болып қалай еңсергенін баяндайды. Сондай-ақ апаттан кейінгі бес ай ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасы қалай орындалғанын көрсетеді.

Ал екінші туынды – еліміздің туристік әлеуеті мен мүмкіндіктеріне арналған фильм. Ол «Қазақстан әлемдік туризм картасында елеулі аймақ болуға дайын ба?» деген сұраққа жауап береді.

ҚР Президенті Телерадиокөшесінің «Хроникадан болашаққа» республикалық кинолекторийі 21 мамыр күні Астана қаласында ресми түрде ашылды. Сыр өңірінен кейін Түркістан, Шымкент, Тараз, Ақтау, Атырау, Орал, Ақтөбе, Өскемен, Семей, Павлодар, Петропавл, Қостанай, Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Талдықорған және Қонаев қалаларында жалғасады. Қорытынды көрсетілім 25 қыркүйекте Алматы қаласында өтеді.

Кинолекторий көрерменді ҚР Президенті Телерадиокөшесінің ең үздік авторлық деректі фильмдерімен таныстырады. Көрсетілімдер облыс әкімдіктерінің қолдауымен өңірдегі кино-театрларда өтеді. Кіру тегін.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚОЛӨНЕР



«АЛАМАН ҚҰРАҚ»

рекорд жаңартты

Қазақ халқының сан ғасырлық мәдени мұрасының ішінде құрақ құрау өнерінің орны ерекше. Түрлі-түсті матаның қиындыларынан үйлесім тауып, әсем өрнек жасау – тек тұрмыстық қажеттілік емес, халқымыздың эстетикалық талғамын, шеберлігі мен дүниетанымын танытатын асыл өнер. Бүгінде осы ұлттық құндылықты жаңғыртып, әлемге дәріптеуді мақсат еткен ірі бастамалардың бірі – «Аламан құрақ» жобасы.

Биыл төртінші рет ұйымдастырылған «Аламан құрақ» жобасы рекорд орнатып, ұлттық өнердің мәртебесін биіктетті. Ұзындығы екі шақырымнан асатын «Барқыт-бел» құрақ көрмесін тігуге еліміздің түкпір-түкпірінен келген 800-ден аса қолөнер шебері қатысты. Түрлі-түсті маталардан құрастырылған алып көрме тек көлемімен ғана емес, ұлттық нақышы мен шеберлік үйлесімі арқылы көпшілікті таңғалдырды.

Облыстан барған шебер Сұлұ Әбдіразаққызы өнердің сарқылмас қайнар көзіне айналған бұл қолөнер бұйымы әр шаңырақтың төрінен көрінуге тиіс деп есептейді. Бала кезден тігіншілікке қызыққан оның бүгінге дейін қолынан ине-жібі түспеген. Ақ жоулықты ана құраққа тігу онай іс емесін айтады.

– Құрақ құрау қыздарды төзімділікке, үнемділікке, шеберлікке, бояуларды ажыратып, олардың бір-бірімен үйлесімділік табуын түсініп, тануға шындайды. Тазалыққа, әсемдікке үндейді, жан дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтеді. Мен бұл жобаға былтыр да қатыстым. Ол Алматыда өтті. Медеу мұз айдынында жүздеген шебердің қатысуымен үлкен көрме ұйымдастырылып, ұлттық өнердің ауқымы тағы бір мәрте дәлелденді. Түрлі өңірден келген ісмерлер бір алаңда бас қосып, қазақы ою мен құрақтың сан алуан үлгісін көпшілік назарына ұсынды. Бұл шара ұлттық қолөнердің тек тұрмыстық мұра емес, мәдени брендке айнала алатынын көрсетті, – дейді қолөнер шебері.

Бұл жетістік халықаралық деңгейде де мойындалды. «Global best of records» ұйымының Азия және Африка елдері бойынша рекордтарды тіркеу жөніндегі бас офицері Қуандық Құдайбергенов рекордты ресми түрде тіркелді. Осылайша қазақтың құрақ құрау өнері тағы бір мәрте әлемдік мәдени кеңістікте танылды.

«Аламан құрақ» жобасы 2023 жылы өнертанушы әрі қолөнер жанашыры Нұргүл Абайхан бастамасымен құрылған болатын. Содан кейін жоба ұлттық қолөнерді жаңғыртып қана қоймай, оны халықаралық деңгейде насихаттауды мақсат етіп келеді. Астана мен Алматыдағы ауқымды шаралардан кейін Өскемендегі фестиваль жобаның жаңа белеске көтерілгенін көрсетті.

Жобаның авторы Нұргүл Абайханның айтуынша, жыл сайын құрақ көрпелердің көлемі мен саны артып, ұлттық өнердің ауқымы кеңейіп келеді. Биылғы жоба халықаралық деңгейдегі ең ірі бастамалардың бірі ретінде тіркелуге ұсынылып отыр.

– «Аламанның» ерекшелігі – әр көрпелері артында өз иесі, өз тағдыры, өз тұлғасы тұрады. Шеберлердің жасы алтыдан тоқсан үшке дейін барлады. Бұл – бірліктің, шеберліктің, қазақ рухының көрінісі. Елдің әр өңірінен келген аналар мен қыз-келиндер өз еңбегін бір алаңда тоғысы – дәстүр жалғастығының нақты көрінісі.

Сыр өңірінен қатысқан құрақшылардың жетекшісі Уржамал Жайбергенова бұл сапардың рухани маңызы ерекше болғанын айтады. Оның айтуынша, әр буын өкілінің бір алаңда тоғысуы – дәстүр жалғастығының нақты көрінісі.

– Біздің топта сексен сегіз жастағы жеміс де, бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі шеберлеріміз де бар. Барлығы отыз құрақшы Алтай төріне барып, өз өнерімізді паш еттік. Былтыр Медеуде күміс медаль алған едік, биыл алтын төсбелгімен үміттіміз, – дейді ол.

Құрақ құрау – қазақ халқының тұрмысымен бірге қалыптасқан ерекше өнер. Әжелеріміз бен аналарымыз артылған маталарды қиыстырып, көрпе-жастық, түскініз жасап, үнемшілдік пен әсемдікті қатар ұштастырған. Әр өрнектің астарында тәрбие, тағлым, өмір философиясы жатқан. Сондықтан құрақ – жай ғана бұйым емес, ұлттың рухани коды.

Бүгінде бұл өнер заман талабына сай жаңғырып, жаңа сипат алып келеді. Шеберлер ұлттық ою мен заманауи дизайнды үйлестіріп, қазақы нақыштағы сәндік бұйымдарды көптеп жасауда. Ал «Аламан құрақ» жобасы осы өнердің тынысын кеңейтіп, жас ұрпақтың қызығушылығын арттырып отыр.

Өскеменде орнатылған рекорд – тек сандық көрсеткіш емес. Бұл – қазақ халқының бірлігі мен руханиятының, ұлттық өнерге деген құрметінің айқын көрінісі. Осындай игі бастамалар арқылы халқымыздың бай мұрасы әлемге танылып, ұлттық құндылықтардың қадірі арта түспек.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Газетіміздің келесі саны 30 мамыр, сенбі күні шығады.

1-бет

Білім ордасындағы әсерлі сәт

Қызылорда қаласындағы Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінде соңғы қоңырау салтанаты өтті.

Шараға қатысқан қала әкімі Нұржан Ахатов ұстаздар мен оқушыларды оқу жылының аяқталуымен құттықтады. Жүздері қуаныштан құлабып, білім жолындағы жетістіктеріне алғашқы бағаларды алды. Бір аптадай түсірілім құрамының қарамағында болдым. Өзім балық аулаған орынды көрдім. Теңіз өткен ғасырдың

кетейік, білім ошағы 2015 жылы ашылды, биыл мектеп-лицейді алғашқы 61 жас түлек осы бітіргелі отыр. Бітіруші жастарға еңбек ардагері Сайлаубай Әбіш бата берді.

Президент пен Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде жарқын жобалар жүзеге асып жатыр. Өскемен ұрпақ

игілігіне арнап бой көтерген әлеуметтік нысандар қатары жыл сайын артып келеді. Мәселен, облыс орталығында 5 жаңа «Келешек мектебі» салынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ сол жағалаудағы «Оқушылар сарайы» мен заманауи білім ордасы – физика-математика бағытындағы мектеп-лицейі де өркениетке бастайтын өрелі биік ұясы. Ал «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновация-

лық академиясы балаларды бейіміне қарай баулуға.

Еске сала кетсек, жақында «AL-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы қолданысқа берілді. Бұл – жыл он екі ай үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері. Оқушылар үшін аталған лагерь тынығу әрі бос уақытын тиімді өткізу орны болады.

«СБ» ақпарат

КӘУСАР мен ГАУХАР білім бәйгесінде топ жарды

Сүйінші жаңалықты жеткізуге асығын қалымызбен біз де алғыр оқушылардың өзімен сөйлесіп, жоғары ұпайға қол жеткізуінің сырын білгіміз келді. Кәусар мен Гаухардың таңдау пәні – дүние жүзі тарихы және ағылшын тілі пәндерінің комбинациясы, екеуінің де мақсаты – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болу.

– ҰБТ-ға дайындықты біз 10-сыныпта өз бетімізше бастағанбыз. Одан кейін IELTS емтиханын тапсырып, 11-сыныпта курсқа барып, дайындықты күшейттік. Ағылшын тілін үйренгенде ең бастысы сол тілмен өзіңді барынша қоршауға тырысу керек. Бұл дегеніміз – барлық әлеуметтік желіні сол тілге ауыстыру, күнделікті тек ағылшын тілінде контент көру. Менің жетістігімнің сыры – тәртіпке құрылған кесте. Қосымша білім берген IELTS мұғалімім Диана апайға ақпаратты жүйелі түрде бөлісіп, бастан-аяқ дайындағаны, үнемі моральдық қолдау көрсеткені үшін алғысым шексіз, – дейді Кәусар Алтынсары.

Егіз түлектердің ата-анасы білім мен

тәрбиені қатар ұштастырған. Әкесі Қанат Әмзе Шиелі ауданындағы Ш.Есенов атындағы №153 мектеп-лицейдің директоры, құқық пәнінің мұғалімі, ал анасы Индира Тоқсанбаева – «Айналайын» бөбекжай-балабақшасының әдіскері.

– 139, 140 балл жинағанымызды білгенде Гаухар екеуіміз қатты таңғалдық дей алмаймыз. Өйткені өзімізге өте сенімді болдық. Ең бірінші әкеме айтқан едім, ол бірден сенген жоқ. Әкемің қуанғанын көргеннен кейін ғана менің де көңіл-күйім көтеріліп сала берді. Осы орайда ата-анамызға, сондай-ақ ұстаздарыма білім берумен шектелмей, бойымызға адам қасиеттерді дарытуға ықпалын тигізгені үшін ризашылық білдіремін. Олар қандай балл алсақ та әрдайым қолдау көрсетіп, алға ұмтылуға жігерлендірді, – дейді кейіпкеріміз.

Кәусар да, Гаухар да білімге құштарлығының арқасында бастауыш сыныптан бері үздік оқушылардың қатарында болды.

– Өте ізденімпаз, қандай пәннен болса да ең жоғары нәтиже көрсетіп келді. Екеуі де – ағылшын тілі пәнінен облыстық олимпиада жүлдегерлері.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

1-бет

<p>www.facebook.com/syrboyi.kz/</p> <p>Меншік иесі</p> <p>СЫР МЕДИА</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ</p> <p>қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)</p> <p>БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ</p> <p>қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)</p>	<p>Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)</p> <p>Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)</p>	<p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>www.instagram.com/syrboyi_kz</p> <p>Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.</p> <p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.</p> <p>Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>
---	--	---	---